

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2026)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/BGQF1735>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/BGQF1765>

***Б. Мырзабаева¹, Д. Алкебаева²**

^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-7820-0948>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2348-4047>

*e-mail: zhaszerteushi2023@mail.ru

АБАЙДЫҢ «СӨЗ» ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМИ ТҰЖЫРЫМДАРЫ

Бұл мақалада адам және оған тән тіл мен сөздің тарихи тұрғыдан зерттелуі қарастырылған. Адамның сөзін кешенді зерттеудің маңызы талданады. Құрылымдық лингвистика мен қазіргі тілдің жаңа бағыттарындағы сөйлеу мен тіл, тіл мен ойлау, тіл мен сана секілді ұғымдар түсіндіріледі. Антропологистикада адамның сөзі арқылы айтушыны тану, оның болмысын түсіну секілді мәселелер қозғалады. Тілдік тұлға ұғымы қарастырылып, Абайдың «сөз» және «тіл» ұғымдарына қатысты ғылыми тұжырымдары сараланады. Мақалада сөздің когнитивтік, прагматикалық деңгейі қаралып, әлеуметтік қыры талданады. Абай поэзиясындағы тіл мен сөз ұғымдарының арақатынасы ашылып, олардың байланысы мен айырмашылығы түсіндіріледі. Абайдың тілдік тұлға ретіндегі ролі сипатталып, қазақ тіл біліміне қатысты кейбір ұғымдардың атауын қалыптастырудағы орны белгіленеді. Абай туындыларындағы сөздің мәні, қызметі, түрлері жіктеліп, олардың сөзтанудағы орны айқындалады. Абай поэзиясын тек әдеби-теориялық аспектіде ғана емес, тілдік-әлеуметтік, танымдық аспектіде қарастырылу жағы көрсетіледі. Абай поэзиясының тілін, сөз өрнегін зерттеген ғалымдардың еңбектері талданады. Бұл мақалада келтірілген ғылыми ойлар Абайдың туындыларындағы «сөз» қызметіне берген танымдық-ассоциациялық, прагматикалық мәнін, оның қазіргі лингвистикадағы орнын тануға мүмкіндік береді. Абай танымындағы айтушы-сөз-тыңдаушы үштігі мен Абайдың сөз лингвистикасын қалыптастырудағы үлесі қарастырылады.

Кілтті сөздер: когнитивті лингвистика, әлеуметтік лингвистика, концепт, сөз және тіл, сөзтану, сөз мәдениеті, прагматика, антропоэктилік, Абай поэзиясы, тілдік тұлға.

Кіріспе

Тіл – тек саналы адам атты тіршілік иесіне ғана тән. Сол үшін тілді тану арқылы адамның табиғатын, оның мәнін, әрекетін түсініп, зерделеуге болады. Бірақ адамтанудың өзі кешенді ғылымдардың тоғысуындағы зерттеулер арқылы жүзеге асатындықтан, адамның тілін, сөзін тану да қазіргі тіл біліміндегі лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика, антропологистика, психолінгвистика, социолінгвистика сияқты салалардың белсенді дамуына үлесін қосып жатыр. Осындай жан-жақты әрі кешенді зерттеулердің нәтижесінде адамның сөзін, жалпы тілдік болмысын зерделеу - лингвистика ғылымының теориялық және практикалық зерттеулерінің кейбір аспектілерін толықтырады. Жалпы тіл мен сөйлеу ұғымдарының байланысы мен айырмашылығы, олардың мәнін, қызметін зерттеу құрылымдық тіл білімінде де қарастырылған. К. Ахановтың «Тіл білімінің негіздері» [1, 39–59-бб.], Т. Қордабаевтың «Жалпы тіл білімі» [2, 116–120-бб.], Ж.Қоңыратбаеваның «Тіл білімі ғылымының теориясы мен тарихы» [3, 25–65-бб.] және т.б. ғалымдардың еңбектерінде тіл мен ой, тіл мен сана, тілдің қоғамдық қызметі, оның әлеуметтік мәні туралы алғашқы теориялық тұжырымдар берілген. Тілдің қолданыстағы, яғни жұмсалым кездегі әрекетін зерттеу қазірде сөз лингвистикасының (речеведение) нысанына айналып отыр. Сол үшін де «тіл» мен «сөз» (речь) ұғымдарының ара жігі ашылып, олардың өздеріне тән белгілері ажыратылып жүр [4, 38–45-бб.].

Бүгінде Абайдың «сөз» қызметіне берген сипатын зерттеу филология ғылымының ауқымды саласы болып қалыптасып отыр. Себебі Абай өз заманында бірнеше әлеуметтік рөлді атқарған тұлға. Мақаланың зерттеу нысаны – Абай поэзиясындағы «сөз» ұғымының табиғатын тану арқылы «сөз» қызметінің мән-мағынасын ашу.

Ақынның сөзі – поэзия, сол үшін Абай поэзиясы арқылы қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік жағын, оқу-ағарту және мәдениет саласын, ұлттық болмыстың формасын жеткізді. Тіпті Абайдың сөзі арқылы сол кезде қазақ тілінің ахуалы да байқалады. Абай сөзге, тілге, оның құдіреті мен мән-мазмұнына ерекше мән берген. Қазіргі уақытта мемлекеттік мәртебеге ие болып отырған қазақ тілінің әдеби стилінің қалыптасуына, дамуына ықпал еткен Абай сөзі. Абай сөздің философиялық, зияткерлік, көп функционалды қырларын терең түсінген. Абайдың сөздің мәні, сапасы, әлеуметтік қызметі туралы тұжырымдары сөз лингвистикасына қатысты болып келеді. Ақынның поэзиясы еліне қарата айтқан сөзі болды. Ол осы поэзиясы арқылы халқымен сырласты, сөзіне құлақ асар елі болса, керектісіне жаратуын өсиет етті, ал қажет етпегендер үшін «өз сөзім өзімдікі» деп түйді.

Қазіргі кезде Абайтану атты үлкен ғылым саласы бар. Абайдың философиясын, теологиясын, лингвистикасын, әдеби қырын, психологиясын

жан-жақты аспектіде талдап, зерттеген еңбектер жетерлік. Абай туралы алғашқы зерттеулерді К. Ысқақұлының «Абай Құнанбайұлының өмірі» [5, 21-б.], М. Әуезовтің «Абайдың туысы мен өмірі» [5, 31-б.], К. Жанатайұлының «Абай туралы естелік әңгіме» [5, 94-б.], Т. Құнанбаевтың «Әкем Абай туралы» [5, 105-б.], Ә. Бөкейхановтың «Абай Құнанбаев» [5, 130-б.], А.Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» [5, 136-б.], М. Дулатовтың «Абай Құнанбаев» [5, 144-б.], Ж.Аймауытов пен М.Әуезовтің «Абайдың өнері һәм қызметі» [5, 147-б.], А. Сағидің «Абай» [5, 153-б.], С.Сейфуллиннің «Ибраһим Құнанбайұлы» [5, 174-б.], І. Жансүгіровтің «Абайдың сөз өрнегі» [5, 182-б.], Қ. Жұбановтың «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» [5, 189-б.], Е. Ысмайлов пен З. Шашкиннің «Абайдың өлең өрнектері» [5, 213-б.], Ғ.Тоғжановтың «Абайдың ақындығы» [5, 242-б.] атты еңбектерінен көруге болады. Осы тырнақалды зерттеулер Абайды танудың кешенді зерттеулеріне жол ашып, Абай сөзін, тілін жан-жақты ғылым салаларында танудың негізі болды. Осы алғашқы зерттеулердің ішінде Абайдың сөзіне теориялық әрі практикалық талдау жасаған А. Байтұрсынұлы: «Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек, ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек; мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған» [5, 139-б.] дей келе, «Ғалымды жұртты өлең жазу, сөз жазу нағыз қадірлі істің бірі екенін Абай енді ұққан» [5, 138-б.] деп, мақалада Абайдың қандай сыншы, сөз тексергіш екенін «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңін талдау арқылы жеткізеді. Ж. Аймауытов пен М. Әуезовтің Абайдың ақындық өнері мен атқарған қызметі жайлы жазған зерттеу мақаласында Абайдың тілін ұғымды, қысқа, өрнекті, дәлшіл, күйлі, таза, анық деген сипаттама беріп, халықтың ғылымға ден қойып, көкірек көзі ашылған сайын Абай сөзінің бағасы артылатынын айтқан [5, 150–152-бб.]. І. Жансүгіров өз мақаласында Абайдың сөз өрнегін талдай келе, ақынның сөзге берген бағасын көрсетеді. Абайды сөздің сабазы деп атап, оның ақындығының өнері – сөзінің іші мен сыртының да жақсы әрі көркем болуында екенін аңғартады [5, 184–185-бб.]. Жоғарыда аталған алғашқы зерттеулерден Абайдың «сөз» қызметіне берген анықтамасы жайлы алғашқы түсініктерді көруге болады.

Абай сөзіндегі «сөз» танымы туралы зерттеулерді профессор Р. Сыздықтың «Абай тілінің тағылымы» атты еңбегінде тереңінен талданған: «Абай шығармашылығының негізгі объектісі – адам, оның ішкі жан дүниесі. Сондықтан ол жүрек, көңіл, ой деген сөздерді адамның символы етіп алып, оларға жан бітіріп, көп өлендерін соларға қарата айтады», – деп [6, 9–10-бб.], Абайды ұлы еткен оның көркем сөзінің өзінен кейінге қалған ұрпаққа үлгі-эталон болғандығында екенін айтады. Сағат Әшімбаевтың Абайдың поэзиясына арнаған «Өлең сөздің өрнегі» атты мақаласының кіріспесінде

«сөз қызметі, мәні, мазмұны, түрі» туралы ой-тұжырымдары берілген: «...Осынау дүбірлі дүниеде сөзден мәңгілік, сөз мәнісінен құдіретті еш нәрсе жоқ қой. Бәрі де сөзден басталып, бәрі де сөзбен аяқталады. Тасырға жетпеген сөз, саны ғасырға жетеді. Жарым сөзге жарты әлемнің тағдыры сыйып кетеді. Сөзден от шығып, сөзге оқ та тоқтайды. Адамзаттың тарихы да сөзбен сомдалып, азаматың тағылымы да сөзінен көрінеді. Асыл мен маасылдың айырмасы да, жақсы мен жасықтың айырмасы да бір ауыз сөзінен танылады. Сөзі олақтың – ойы шолақ...сөз мәнісін білмеген адам тұл! Сөздің нарқын білу – өмірдің парқын пайымдауға жетелейді», – деп, Абайдың «сөзіне қарай кісіні ал, кісіге қарап сөз алма» деген өлеңінің мағынасын түсіндіреді [6, 21-б.]. Сағат Әшімбаев сөз мәнісін білу – адамның адами қасиетін көрсетсе, өлең оқу арқылы сөз мәнісін танитындығын айтады. Себебі өлеңнің тілі – өмірдің тілі деп таниды. Абайды тану арқылы адамның өзін-өзі танитындығын жеткізеді.

Абайдың тілдік тұлғасы арқылы оның лингвокогнитивтік және прагматикасын талдап, ақынның көркемдік әлемі мен танымдық нәтижесі, яғни оның сөзін антропоэзектілік қырынан зерттеген профессор Г. Мұратованың «Абайдың тілдік тұлғасы: дискурстық талдау мен концептуалды жүйесі» атты докторлық диссертациясы заманауи қазақ тіл білімінің даму процесінде «сөз» мәнін айқындай түседі [6, 198-б.].

Бүгінгі таңда Абай шығармаларының тілін талдау арқылы оның «сөз» ұғымын когнитивтік және прагматикалық сипатта айқындау да – мақаланың өзекті мәселесінің бір болып отыр. Себебі «Абай – тілдің қоғамдық қызметін жете пайдаланған, сөздің қоғамдық рөлін терең сезінген ақын» [6, 206-б.].

Сөз – тілге қарағанда, деректі әрі жеке болып келеді. Абайдың сөзді негізгі нысаны етіп алуының себебі, ол сөздің рухани мәнін, сапасын, қуатын, эстетикасын түсінді.

Материалдар мен әдістері

Талдауға түскен материалдар ақын шығармаларының жинағынан алынды. Сондай-ақ Абайтану. Тандамалы еңбектердің I, XV, XXIX, XXXVIII томдары қолданылды. Сонымен қатар қазақ тіл білімінде К. Аханов, Ж. Қоңыратбаева, Т. Қордабаев, Р. Сыздықтың еңбектері мен тұжырымдары зерттеу барысында пайдаланылды. Профессор Г. Мұратованың «Абайдың тілдік тұлғасы: дискурстық талдау мен концептуалды жүйесі» атты докторлық диссертациясындағы Абайдың тілдік тұлғасын танытудағы ой-тұжырымдары басшылыққа алынды.

Мақалада әлеуметтік лингвистика, тіл білімінің стилистикасы, көркем әдебиет тілін талдауға қатысты шетелдік және отандық лингвистикадағы жалпы теориялық принциптер басшылыққа алынды. Мақаланы жазу барысында жинақтау, саралау, сипаттау, талдау, диахрониялық секілді жалпы

ғылыми әдістер қолданылды. Сонымен қатар концептілік, прагматикалық талдау әдістері де пайдаланылды.

Нәтижелер және талқылау

Профессор Р. Сыздық: «Абайдың әрбір қолданысын, сөзін, сөз тіркесін, сөйлемін, өлең құрылымын, ұйқасын, ырғағын т.т. жеке-жеке талдасақ, көп нәрсені көрер едік, поэтикалық тілге қатысты бірқатар теориялық мәселелерге барар едік. Әрине, бұл бірер зерттеудің, бірер зерттеушінің жүгі емес. Және мұндай талдаулардың қыры да, әр алуан болмаққа керек. Сондықтан ұлы Абай қалдырған тіл жұмсау, тіл өрнегін салу үлгісін талдап-таныту – әрі қарай жүргізіле беретін, ғылымның арнайы бір тармағына айналатын жұмыс деп ойлаймыз» [7, 500-б.], – деп айтқан пікірі Абайдың «сөз» туралы ұғымын талдауға бағдаршам болды. Абай өз поэзиясы мен қара сөзінде тіл мен сөз ұғымдарына қатысты шетелдік ғалымдар А. И. Бодуэн де Куртенэ, Ф. Де Соссюр, В. фон Гумбольд, Э. Бэнвенист, А. И. Смиринский, Б. Н. Головин, Л. Щерба мен В. Звегинцев сияқты лингвистикаға қатысты терминдермен нақты сипаттап бермесе де, қазақ тілінің сөз жүйесіне, қолданысына орай өзіндік танымын жеткізіп, мәнін түсіндірді, қызметін айқындады. Бұл туралы профессор Д. Алкебаева былай дейді: «Абай сөзтану ғылымының негізгі нысаны болып саналатын сөзге үлкен мән берген...халық даналығында Абай сияқты ойшылдар мен сөз зергерлері сөз маңызына арнап даналық ойларын айтып кеткен болатын...Абай сөздің философиялық интеллектуалды мәнінің сипатына, көп функционалды табиғатының қызметіне осы саланың ғылым-білім ынсанына айналатынын анық аңғарған» [8, 16-б.].

Профессор Д. Алкебаева Абайдың «Көп топта сөз танырлық кісі де аз-ақ, Ондай жерде сөз айтып болма мазақ» деген өлең шумағындағы «сөз танырлық» тіркесінің сөзтану ғылымымен үндес екенін, осы арқылы Абайдың өз шығармаларында арқау еткені – сөз, сөздің мәні мен сапасы, қызметі, эстетикасы екенін жеткізеді. Жалпы Абай тұлғасы кешенді зерттеулердің нысаны екені белгілі. Әйтсе де Абайдың сөз қызметіне берген сипаттамасын, әлеуметтік мәнін зерттеу де бүгінгі лингвистиканың өзекті мәселесі болып отыр.

Зерттеуші Асанов Омаровтың пікірінше қазіргі таңда Абайдың 192 өлеңі бар екен [9]. Сол өлеңдерінің ішінен «сөз» бен «тіл» ұғымдарына қатыстысы жинастырылып, жүйеленіп, сараланып, талдау жүргізу арқылы Абайдың сөз ғылымына қатысты тұжырымдары айқындала түсті. Профессорлар Н. Уәли мен Д. Алкебаева өз еңбектерінде Абайдың «сөз айттым, Өзірет Әлі, айдаһарсыз» өлеңін сөз мәдениеті тұрғысынан талдап, Абайдың жаңа сапада халқына қарата айтқан сөзі ретінде көрсетеді. Сонымен қатар «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» деген тіркесінің астында айтушы мен тыңдаушы

арасындағы прагматикалық байланыс пен айтушының сапалы мазмұндағы ой-тұжырымы екенін аңғартады [10, 2-б.; 9, 17-б.].

Ғылым докторы Ю. Н. Караулов «Русский язык и языковая личность» атты еңбегінде тілді жасаушы мен тұтынушыға назар аудармай, тілдің құдіретін түсіну мүмкін еместігін айтқан еді [11, 7-б.]. Дәл осы ойды Абайдың «Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал» [12, 38-б.] деген өлең тіркестерінен байқауға болады. Бұл екі ой-тұжырымдағы үндестіктің берулі жолы әр түрлі болғанымен, ғылыми тұжырымы бір екені көрініп тұр. Яғни тіл біліміндегі тілдік тұлға мәселесі географиялық айырмашылыққа қарамай, өзекті болған. Себебі адамның танымы арқылы тұлғаны тану – антрополилингвистиканың нысаны болып отыр.

Қ. Жұмалиевтің «Абай поэзиясының тілі» атты еңбегінің «тіл туралы Абайдың өз көзқарасы» деген атпен берілген 15-тарауында: «...тіл мәселесіне мәдениетті ақындардың саналы түрде қарап және үлкен мән беретіндіктеріне орыс, не басқа елдердің тарихынан да айқын көруге болады» [13, 223-б.], – деп, сөздің ұғынықты, түсінікті, дәлелді болуы туралы Пушкиннің, Баратынскийдің пікірлерін келтіріп, өнердің, поэзияның тілі туралы ең алғаш пікір айтқан Абай екенін атап көрсетеді. Абай сөзді өнер ретінде тануының дәлелі ретінде:

«Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ,

Наданның көңілін қойып, көзін ашпақ.

Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,

Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ» [12, 59-б.], – деп ақынның өлең жазудағы алғашқы мақсатының «тіл ұстарту екенін» түсіндіреді. Ал тіл ұстарту дегеніміз – тілді дамыту, жетілдіру [14].

Абай өзінің кейбір өлеңдерінде өлеңге, тіл мен сөз ұғымдарына анықтама берген. Өлеңді ақынның сөзі десек, оны былай сипаттайды:

«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,

Қиыннан қиыстырар ер данасы.

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,

Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,

Ол – ақынның білімсіз бишарасы.

Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,

Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы.

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,

Сонда да солардың бар таңдамасы.

Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын

Қазақтың келістірер қай баласы?» [12, 55-б.], –

деп, сөз лингвистикасындағы айтушы-сөз-тыңдаушы үштігін суреттей келе, сөздің мәнін тереңінен талдайды. Айтушы мен тыңдаушының прагматикалық байланысын көрсетеді. Тек сөйлеушінің сөзіне ғана емес, тыңдаушыға да талап қояды. Яғни айтушы мен тыңдаушының прагматикалық деңгейін саралап, сөздің интеллектуалды әрі эстетикалық қасиетін көрсетеді.

Сөздің энергетикалық қуаты мен мәнін былай сипаттайды:

«Өлең деген - әр сөздің ұнасымы,
Сөз қосарлық орайлы жарасымы.
Сөзі тәтті, мағынасы түзу келсе,
Оған кімнің ұнасар таласуы?» [12, 59-б.].

Ақынның «...Қуатты ойдан бас құрап, Еркеленіп шығар сөз» [12, 178-б.] тіркесінде сөз бен ой байланысын, сөз – ойдың жемісі екенін анық көрсетіп тұр. Келесі өлең шумағында сөздің ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалатын қызметін суреттейді: «...Бұл өмірдің қызығы махаббатпен, Көрге кірсең үлгілі жақсы атпен. Артағыға сөзің мен ісің қалса, Өлсең де, өлмегенмен боласың тең» [12, 189-б.] және «Өлді деуге бола ма, ойландаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған» [12, 170-б.].

«...Қайран тіл, қайран сөз, Наданға қадірсіз. Тәуекел мен батыр ой Өткір тілді найза егіп, Сайысып-ақ бақты ғой» [12, 190-б.], – деген өлең жолдарында тіл мен сөздің арақатынасы беріліп, тыңдаушының білім деңгейі төмен болғанда, айтушы сөзінің мәнінің төмендейтінін ескертеді. Яғни мұнда да айтушы мен тыңдаушы арасындағы прагматикалық қарым-қатынасты анық суреттейді. Сондай-ақ адам ойының сапасына қарай сөзінің де сапалық дейңгейі анықталатындығын жеткізген. Келесі тармақтарда айтушы мен тыңдаушы арасындағы сөз энергиясын, оның адамның бойына әсері туралы баяндалады: «Ақылмен ойлап білген сөз, Бойыңа жұқпас, сырғанар. Ынталы жүрек сезген сөз. Бар тамырды қуалар...» [12, 190-б.].

«Сұм дүние тонап жатыр ісің бар ма?» өлеңінде стандарт сөз туралы қозғайды. Стандартты сөздер, яғни күнделікті немесе ресми қарым-қатынаста қолданылатын сөздерді Абай «ер жүрексіз еріннің сөзі» немесе «тіл үйренген нәпсінің қу мінезі» [12, 191-б.] деп көрсетеді.

Абайдың мына бір өлең жолдарынан тілдің биологиялық қасиетін, ал, сөздің әлеуметтік қырын танымыз: «Буынсыз тілің, Буулы сөзің...», осындағы «Бір тәуір дос Тым-ақ керек, Ойы мен тілі бөлінбес» [12, 206-б.] деген тармақтан өз ойын анық айтып жеткізетін адамның қалайтынын айтады. Ақынның келесі өлең жолдарынан адамның тіршілігіне тән биологиялық, физиологиялық, психологиялық, әлеуметтік және рухани қызметтерін суреттеп, соның ішінде сөз қызметінің күрделі процесс екенін поэзия тілімен жеткізеді: «Адамзатқа не керек: Сүймек, сезбек, кейімек, Харекет қылмақ, жүгірмек, Ақылмен ойлап сөйлемек» [12, 207-б.].

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас, Рас сөз ешуақытта жалған болмас... Жарлық берді ол сіздерге, сөзді ұғарға» [12, 208-б.], – деген Абайдың діни-филологиялық сарында жазылған өлеңінде құран кітабын – Алланың сөзі деп сипаттап, оның еш жалғандығының жоқ екенін айтып, айтушы – Алланың сөзі, тыңдаушы – халыққа жолдайды.

Абай сөздің этикалық-моральдық, сөз әдебі туралы «Бір жерде бірге жүрсен басың қосып, Біріңнің бірін сөйле сөзің тосып» [12, 27-б.] деп жеткізсе, жалпы ақпаратты, сөзді қабылдаудың, оны мида сақтаудың уақытын «Кейбіреу тыңдар үйден шыққанынша, Кейбіреу қояр көңіл ұққанынша» [12, 26-б.] деп көрсетеді, осы арқылы қабылдаушының, тыңдаушының деңгейін де анықтауға болады. Абайдың келесі өлең жолдарынан сөзтануға тән ішкі сөз қызметі мен сөздің әлеуметтік қыры суреттеледі: «Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын, Түбін ойлап, уайым жеп айтқанмын... Жұртым-ай, шалқақтамай сөзге түсін, Ойланшы, сыртын қойып, сөздің ішін. Ыржаңдамай тыңдасаң нең кетеді, Шығарған сөз емес қой әңгіме үшін» [12, 165-б.].

Сонымен қатар Абайдың өлең шумақтарында тіл мен сөзге қатысты келесідей тіркестер кездеседі: өткір тіл, бақ сөзіме, белгілі сөз, сұрқия тіл, тәтті тіл, тәтті үн, жұрттың сөзі, сөз көкейге қона ма?, ескі ер сөзі, сөз қозғау, нұрлы сөз, шын сөз, сөзге еру, тура сөз, қара сөз, ғашықтың тілі, тілсіз тіл, сөзі әдепті, ыстық сөз, сөзді ұғарлық, қызыл тіл, күштілер сөзі, әлсіздер сөзі, қу тіл; сөзуар білгіш, сөзге сынық және т.б. Осы тіркестерден сөз лингвистикасына қатысты ұғымдарды көруге болады.

Мәселен, «күштілер сөзі» және «әлсіздер сөзі» тіркестерінен белгілі бір әлеуметтік топтарға тән сөздердің мәні сипатталып тұр. Күштілер сөзі – жоғары биліктегі лауазымды тұлғалардың сөзі болса, әлсіздер сөзі – қолында закон қуаты, яғни билігі жоқ халықтың сөзі болып табылады. Сол сияқты өткір тіл, қызыл сөз, нұрлы сөз, ыстық сөз, сұрқия тіл және т.б. тіркестер – сөз эстетикасы болса, сөзуар, сөзге сынық, сөзге еру секілді тіркестер – сөздің қызметін көрсетіп тұр.

Қорытынды

Қазіргі таңда тілді антропоэзектік тұрғыдан зерттеуге ерекше көңіл бөлінуінің себебі – адам факторының өзекті болуына байланысты болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда адамның тілдегі көрінісі мен адамның тілді тұтынуы жағы арқылы оның физикалық, интеллектуалдық қабілеттері, эмоциясы, әлеуметтік мәні және адамның сөйлеу-ойлау әрекетіне қатысушы тұлға ретіндегі қырлары көрінеді.

Лингвистикада тілдік тұлға деген ұғым бар. Бұл дегеніміз кез келген сөйлеушіні тілдік тұлға деп танымыз деген сөз емес. Керісінше «тілдік тұлға дегеніміз – ұлт тілі мен мәдениетінен толық ақпарат меңгерген тілдік-мәдени құзірет иесі» [15, 16-б.]. Қазақ тіліндегі осындай атаққа ие тұлға

– Абай. Абайдың тілі туралы А. Байтұрсынұлынан бастап [5], М. Әуезов [6], Қ. Жұмалиев [13], Р. Сыздық [7], Г. Мұратова [15] және т.б. ғалымдар тарапынан аз зерттелінген жоқ. Сонымен қатар Абайдың «сөз» ұғымына, қызметіне қатысты ойларын, Абай сөзінің әлеуметтік мәнін тереңірек зерттеуді әлі де қажет етеді. Бұл тікелей сөзтану ғылымының нысаны болып табылады.

Қорытындылай келе, Абайдың тілдік тұлға ретінде қазақ тіл біліміне қатысты кейбір ұғымдардың атауын қалыптастырып, анықтамасын беруі заңды құбылыс. Мәселен, ішкі және сыртқы сөз, сөз мәні, сөз эстетикасы, сөздің рөлі, айтушы мен тыңдаушы деген секілді ұғымдар сөзтану саласына тән екені көрініп тұр. Қ. Жұмалиев Абайдың тілге ерекше көңіл бөлуінің негізі оның әлеуметтік мәнін терең ұғынуында екенін атап көрсеткен. Себебі поэзияны әлеуметтік өмірдің құралы десе, тілдің құралы сөз екенін біліп, Абай өз туындыларында сөздің мәні мен жұмсалыуына айрықша ден қойған. Бұл мақалада келтірілген тұжырымдар Абайдың өз шығармаларындағы «сөз» қызметіне берген когнитивті-ассоциациялық, прагматикалық мәнін, оның бүгінгі тіл біліміндегі орнын тануға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Аханов, К.** Тіл білімінің негіздері: оқу құралы [Мәтін]. – Алматы : Өлке, 2010, – 560-б.

2 **Қордабаев, Т.** Қазақ тіл білімінің антологиясы [Мәтін]. – Павлодар : С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 234-б.

3 **Қоңыратбаева, Ж.** Тіл білімі ғылымының теориясы мен ғылымы [Мәтін]. – Астана : Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2013. – 308-б.

4 **Құлманов, С.** Жұмсалымды грамматика негіздері (монография-оқулық). – Алматы : «Мемлекеттік тілді дамыту институты», 2016. – 508-б.

5 **Дәдебаев, Ж.** Абайтану. Таңдамалы еңбектер. I том. Ойлар мен толғаныстар [Мәтін]. – Алматы : Қазақ университеті, 2015. – 210-б.

6 **Дәдебаев, Ж.** Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XXIX том. Ойлар мен толғаныстар [Мәтін]. – Алматы : Қазақ университеті, 2017. – 286-б.

7 **Сыздықова, Р.** Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі [Мәтін]. – Алматы : Арыс, 2004. – 616-б.

8 **Әлкебаева, Д.** Сөз мәдениеті: оқу құралы [Мәтін]. – Алматы : Қазақ университеті, 2014. – 2014-б.

9 **Омаров, А.** Абай өлеңдерінің саны қанша? - [Электронды ресурс]. – URL: <https://abai.kz/post/112207> (Қол жеткізу күні: 02.12.2024).

10 **Уәли, Н.** Сөз мәдениеті [Мәтін]. – Алматы : Мектеп, 1984. – 75-б.

11 **Караулов, Ю.** Русский язык и языковая личность [Текст]. – М., 1987. – 287 с.

- 12 **Абай:** Өлеңдер [Мәтін]. – Нұр-Сұлтан : Фолиант, 2019. – 224 б.
- 13 **Жұмалиев, Қ.** Абайтану. Таңдамалы еңбектер. ХҮ том. Абай поэзиясының тілі [Мәтін]. – Алматы : Қазақ университеті, 2017. – 248-б.
- 14 **Малмақов, М., Есенова, Қ., Хинаят, Б.** Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 14-том [Мәтін]. – Алматы, 2011. – 800 б. [Электронды ресурс]. – <https://sozdikqor.kz/soz?id=229279&a=Til%20ustart%C3%BD> (Қол жеткізу күні: 02.12.2024).
- 15 **Мұратова, Г.** Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XXXVIII том. Абайдың тілдік тұлғасы [Мәтін]. – Алматы : Қазақ университеті, 2019. – 346 б.

REFERENCES

- 1 **Ahanov, K.** Til biliminiñ negizderi: oqu qūraly [Fundamentals of linguistics: a textbook] [Text]. – Almaty : Kray, 2010. – 560 p.
- 2 **Qordabaev, T.** Qazaq til biliminiñ antologiyasy [Anthology of Kazakh linguistics] [Text]. – Pavlodar : S. Toraighyrov Pavlodar State University, 2010. – 234 p.
- 3 **Qoñyratbaeva, Zh.** Til bilimi gylymynyñ teoriyasy men ğylymy [Theory and science of linguistics] [Text]. – Astana : L. N. Gumilev University, 2013. – 308 p.
- 4 **Qūlmanov, S.** Jūmsalymdy grammatika negizderi [Basics of expendable grammar] [Text]. – Almaty : «State Language Development Institute», 2016. – 508 p.
- 5 **Dadebaev, Zh.** Abaitanu. Tandamaly eñbekter. I tom. Oilar men tolğanystar [Abai studies. Selected works. Volume I. Thoughts and reflections] [Text]. Abai studies. Selected works. Volume I. Thoughts and reflections. – Almaty : Kazakh University, 2015. – 210 p.
- 6 **Dadebaev, Zh.** Abaitanu. Tañdamaly eñbekter. XXIX tom. Oilar men tolğanystar [Abai studies. Selected works. Volume I. Thoughts and reflections] [Text]. – Almaty : Kazakh University, 2017. – 286 p.
- 7 **Syzdyqova, R.** Abai jāne qazaqtyñ ūltyq ādebi tili [Abai studies. Selected works. Volume I. Thoughts and reflections] [Text]. – Almaty : Arys, 2004. – 616 p.
- 8 **Alkebaeva, D.** Sōz mādenieti: oqu qūraly [Speech culture: a training manual] [Text]. – Almaty : Kazakh University, 2014. – 214 p.
- 9 **Omarov, A.** Aba ōleñderiniñ sany qanşa? [What is the number of Abai's poems?] [Text]. [Electronic resource]. – [site]. – available <https://abai.kz/post/112207> (Review date: 02.12.2024).
- 10 **Uāli, N.** Sōz mādenieti [Culture of the word] [Text]. – Almaty : School, 1984. – 75 p.

11 **Karaulov, Yu.** Russkij yazyk i yazykovaya lichnost' [The Russian language and the linguistic personality] [Text]. – Moscow, 1987. – 287 p.

12 **Abai.** Öleñder [Poems] [Text]. – Nur-sultan : Foliant, 2019. – 224 p.

13 **Zhumaliev, Q.** Abaitanu. Tañdamaly eñbekter. XY tom. Abai poeziyasynyñ tili [Abai studies. Selected works. XY tom. The language of Abai's poetry] [Text]. – Almaty : Kazakh University, 2017. – 248 p.

14 **Malmaqov, M., Esenova, Q., Hinayat, B.** Qazaq adebi tiliniñ sözdigi. On bes tomdyq. 14-tom [Dictionary of the Kazakh literary language] [Text]. – Almaty, 2011. – 800 p. [Electronic resource]. – <https://sozdikqor.kz/soz?id=229279&a=Til%20ustart%C3%BD> (Review date: 02.12.2024).

15 **Muratova, G.** Abaitanu. Tañdamaly eñbekter. XXXVIII tom. Abaidyñ tildik tülğasy [Abai studies. Selected works. Volume XXXVIII. Abai's linguistic personality] [Text]. – Almaty : Kazakh University, 2019. – 346 p.

13.01.25 ж. баспаға түсті.

17.04.25 ж. түзетулерімен түсті.

16.02.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Б. Мырзабаева¹, Д. Алькебаева²

^{1,2}Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 13.01.25.

Поступило с исправлениями 17.04.25.

Принято в печать 16.02.26.

НАУЧНАЯ КОНЦЕПЦИЯ АБАЯ О «РЕЧИ»

В данной статье рассматривается историческое изучение человека и присущих ему языка и речи. Анализируется значение комплексного изучения человеческой речи. В новых направлениях современного языка и структурной лингвистики и объясняются такие понятия, как речь и язык, язык и мышление, язык и сознание. В антропологической лингвистике затрагиваются такие вопросы, как познание говорящего через человеческую речь, понимание его бытия. Рассматривается понятие языковой личности, дифференцируются научные выводы Абая относительно понятий «речь» и «язык». В статье рассматривается когнитивный, прагматический уровень речи, анализируется социальный аспект. Раскрывается соотношение понятий языка и речи в поэзии Абая, объясняется их связь и различие. Описывается роль Абая как языковой личности и устанавливается

место в формировании наименования некоторых понятий, относящихся к казахскому языкознанию. Классифицируются сущность, функции, виды речи в произведениях Абая, определяются их место в речеведении. Показана сторона рассмотрения поэзии Абая не только в литературно-теоретическом аспекте, но и в языково-социальном, познавательном аспекте. Анализируются труды ученых, изучавших язык, выражение поэзии Абая. Научные соображения, приведенные в данной статье, позволяют распознать познавательно-ассоциативную, прагматическую сущность, которую Абай придал функции «речи» в своих произведениях, ее место в современной лингвистике. Рассматриваются адресант-речь-адресат в познании Абая и его вклад в формирование языкознания.

Ключевые слова: когнитивная лингвистика, социолингвистика, концепт, речь и язык, речеведение, культура речи, прагматика, антропоцентричность, поэзия Абая, языковая личность.

**В. Myrzabayeva¹, D. Alkebayeva²*

^{1,2}Al-Farabi Kazakh National University,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 13.01.25.

Received in revised form 17.04.25.

Accepted for publication 16.02.26.

ABAI'S SCIENTIFIC CONCEPT OF «SPEECH»

This article examines the historical study of man and his inherent language and speech. The importance of a comprehensive study of human speech is analyzed. In the new directions of modern language and structural linguistics, concepts such as speech and language, language and thinking, language and consciousness are explained. In anthropolinguistics, such issues as cognition of the speaker through human speech, understanding of his being are discussed. The concept of a linguistic personality is considered, and Abai's scientific conclusions regarding the concepts of «speech» and «language» are differentiated. The article examines the cognitive, pragmatic level of speech, analyzes the social aspect. The correlation of the concepts of language and speech in Abai's poetry is revealed, their connection and difference are explained. The role of Abai as a linguistic personality is described and the place in the formation of some concepts' name related to Kazakh linguistics is established. The essence, functions, types of speech in Abai's works are classified, their place in

speech production are determined. The side of considering Abai's poetry is shown not only in the literary and theoretical aspect, but also in the linguistic, social, cognitive aspect. The works of scientists who studied the language and the expression of Abai's poetry are analyzed. The scientific considerations given in this article allow us to recognize the cognitive-associative, pragmatic essence that Abai gave to his activity «speech» in his works, his place in modern linguistics. The addressee-speech-addressee in the knowledge of Abai and his contribution to the formation of linguistics are considered.

Keywords: cognitive linguistics, sociolinguistics, concept, speech and language, speech science, speech culture, pragmatics, anthropocentricity, poetry of Abai, linguistic personality.

Теруге 16.02.2026 ж. жіберілді. Басуға 27.03.2026 ж. кол койылды.

Электронды баспа

5,46 МБ RAM

Шартты баспа табағы 40,7. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4508

Сдано в набор 16.02.2026 г. Подписано в печать 27.03.2026 г.

Электронное издание

5,46 МБ RAM

Усл. печ. л. 40,7. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4508

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz